



**«Бекітемін»
«Дарын» РҒПО
директоры
А. Боранбай**

**«Шексіз өмір»
ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға арналған
республикалық фестивальді өткізу**

Ережесі

1 Жалпы ереже

1. Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға арналған «Шексіз өмір» республикалық фестивалін (бұдан әрі – Фестиваль) өткізу туралы осы Ереже фестивальді өткізудің мақсаттарын, тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтап, тәртібін айқындайды.

2. Фестиваль ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балалардың шығармашылық белсенділігін дамытуға, сондай-ақ оларды қолдау мен әлеуметтендіруге бағытталған.

3. Фестиваль келесі номинациялар бойынша өткізіледі: вокалдық немесе би билеу, көркемдік, сәндік-қолданбалы шығармашылық, техникалық өнертабыстар, компьютерлік әзірлемелер.

2 Фестивальдің мақсаты мен міндеттері

4. Фестивальдің мақсаты- ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар шығармашыл дарынды балаларды анықтау және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

5. Фестивальдің міндеттері:

1) Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды қоғамның әлеуметтік, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өміріне бейімдеу;

2) балалардың тең мүмкіндіктерін іске асыруға мүмкіндік беретін кедергісіз ортаны дамыту және танымал ету болып табылады;

3) Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды қолдауға бағытталған шығармашылық қабілеттерін іске асыруда әріптестікті орнату және кеңейту;

3 Фестиваль қатысушылары

6. Фестивальге республиканың әр өңірінен ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар қатыса алады.

7. Фестивальға қатысу үшін ресми делегацияларды құратын ұйымдар өтінімдерді Фестивальдің ұйымдастыру комитетінің мекенжайына жібереді.

8. Әр аймақтан келетін делегаттар саны 6 адамнан аспауы қажет.

4 Фестивальдің өту уақыты мен орны

9. Фестиваль екі кезеңде өтеді: бірінші кезең - іріктеу (аймақтық); екінші кезең - республикалық, оған бірінші аймақтық кезеңнің жеңімпаздары мен жүлдегерлері қатысады.

10. Фестиваль жыл сайын қазан айында өткізіледі.

5 Фестивальдің номинациясы

11. Фестиваль келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- 1) Вокалдық орындау: жеке ән айту, вокалдық ұжым, ымдау тілінде ән айту.
- 2) Би билеу, оның ішінде арбамен билеу.
- 3) Көркем шығармашылық: кескіндеме, портрет, графика, фотоөнер.
- 4) Сәндік-қолданбалы шығармашылық.
- 5) Техникалық өнертабыстар
- 6) Компьютерлік әзірлемелер, робототехника

6 Фестивальдің ұйымдастыру комитеті

12. Фестивальді басқаруды ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті) жүзеге асырады.

13. Ұйымдастыру комитетінің құрамы:

- 1) іс-шараны өткізудің әріптес ұйымдарының өкілдері;
- 2) қоғамдық қорлар кіреді.

14. Ұйымдастыру комитеті келесі міндеттерді шешеді:

- 1) Фестивальді өткізу жоспарын бекітеді;
- 2) Фестиваль бағдарламасына кіретін іс-шараларды қаржыландыру тәртібін анықтайды;
- 3) Фестиваль қатысушыларының санын анықтайды;
- 4) номинациялар бойынша Фестивальдің қазылар алқасын құрады;
- 5) Фестиваль ұйымдастырады және өткізеді.

15. Фестивальдің қазылар алқасы конкурс номинациялары бойынша мамандардан, сондай-ақ фестивальдің серіктес ұйымдарының ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінен құрылады.

16. Фестивальдің қазыларалқасы:

- 1) Фестивальдің ұйымдастыру комитетіне бірінші кезеңнен түскен барлық жұмыстарға бағалау жүргізеді;
- 2) Фестиваль кезеңдерінің жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтайды;

3) Фестивальдің барлық кезеңдерін ұйымдастыру комитетіне өткізу туралы есеп береді.

17. Фестивальді ақпараттық сүйемелдеу ұйымдастыру комитетінің және фестиваль серіктестерінің ресми сайттарында жүзеге асырылады.

7 Фестиваль қатысушыларына қойылатын талаптар

18. Фестивальдің ұйымдастыру комитетіне белгіленген мерзімде қатысушы әр номинация бойынша келесі құжаттарды тапсыруы тиіс:

1) вокалдық орындау: қатысушының жеке орындауындағы бейнежазба, тек «-1» фонограммаларын пайдалануға немесе аспаптық сүйемелдеуге (титрлерде қатысушының аты-жөні, әннің авторын және композиторын көрсету қажет) жол беріледі;

2) би өнері, соның ішінде мүгедектер арбасындағы би: бидің бейнежазбасы 4 минуттан аспау керек (титрлерде қатысушының аты-жөні, бидің аты көрсету қажет);

3) көркем шығармашылық (кескіндеме, портрет, графика, фотоөнер) өз жұмысының презентациясы 3 минуттан аспайтын бейнежазба беру керек (титрлерде қатысушының аты-жөні, жұмыстың атауы көрсетілсін);

4) сәндік-қолданбалы шығармашылық: өз жұмысының презентациясы 3 минуттан аспайтын бейнежазба беру керек (титрлерде қатысушының аты-жөні, жұмыс атауын көрсету);

5) техникалық өнертабыстар: өз жұмысының презентациясы 3 минуттан аспайтын бейнежазба беру керек (титрлерде қатысушының аты-жөні, өнертабыстың атауын көрсету);

6) компьютерлік әзірлемелер, робототехника: өз жұмысының презентациясы 3 минуттан аспайтын бейнежазба беру керек (титрлерде қатысушының аты-жөні, өнертабыстың атауын көрсету).

8. Қазыларалқасының бағалауы және қатысушыларды марапаттау

19. Фестивальдің Қазылар алқасы:

1) қатысушылардың конкурстық сөйлеген сөздеріне баға береді;

2) қатысушылардың өнер көрсету нәтижелері бойынша алқалы түрде Фестивальдің конкурстық бағдарламасының қорытындыларын анықтайды

20. Дауыс беруді қазылар алқасының әр мүшесі жеке-жеке 10 балдық жүйе бойынша жүргізеді. Әрбір конкурстық нөмірдің қорытынды бағасы қазылар алқасы мүшелерінің бағаларын қарапайым арифметикалық қосу арқылы анықталады. Фестиваль жеңімпаздары жинаған балдарының жалпы санына қарай анықталады.

21. Бірінші іріктеу кезеңінен өткен барлық қатысушылар Фестивальдің финалистері болып саналады.

22. Ең көп балл жинаған және қазыларалқасының бағалау қорытындысы бойынша рейтингте ең жоғары позицияға ие болған қатысушылар Фестивальдің жүлдегерлері мен жеңімпаздары болып саналады.

23. Қазылар алқасының шешімі бойынша конкурс нәтижелері бойынша гран-при берілуі мүмкін.

9 Қазылар алқасының бағалау критерийлері

24. Фестивальдің қазылар алқасы қатысушылардың нөмірлерін / жобаларын негізгі критерийлер бойынша бағалайды:

1) ұсынылған нөмір мазмұнының конкурстың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі;

2) отбасылық құндылықтар мен оң шығармашылық дәстүрлерді насихаттау;

3) сахна мәдениеті және орындаушылық деңгейі;

4) қатысушылардың әртістігі және көркемдік шешімнің жаңалығы;

5) нөмірдің бірегейлігі және орындаушылардың даралығы;

6) шығармашылық деңгейдің қатысушы жасына сәйкестігі;

7) өнертабыстың бірегейлігі және жаңалығы.